Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин туы

Шығуына 26-шы жыл
№ 109 (68010)
1944 жыл
Сенбі
3 июнь
Жеке саны 20 тыйын

ЦК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ЦК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

ЕГІН ЖЫЙНАУҒА ОЙДАҒЫДАЙ ӘЗІРЛЕНЕЙІК

Облысымыздың колхозшылары мен совхоз жұмысшылары жеңісімізге сай егін өсіру үшін егіс даласында қажірлі еңбек істеуде. Бірсыпыра колхоз, совхоздары егіс жұмысын діер кезінде, сапалы аяқтап, жоспардан тыс гектарлаған егін егуде. Егіс жоспарын толық орындап, жоспардан тыс егін егу—ардакты міндет.

Қазір алдымызда тұрған жауапты кезеңнің бірі—егін жыйнауға ойдағыдай әзірленіп, комбайндар мен егін жыйнау машиналарын сапалы жөндеу.

Облысымыздың МТС және совхоздарында өткен жылы комбайндар мен егін жыйнау машиналарын жөндеуде елеулі кемшілік болды. МТСтар мен совхоздар комбайндарды жөндеуге кеш кіріскен, жұмысты ұзаққа созды. Жер бөлімдерінің қызметкерлері, МТСтар мен совхоздардың басшылары комбайндарды жөндеу жұмысының, табысты болуы үшін шешуші күрес жүргізбеді. Сол сыяқты, жөнделген комбайндар мен егін машиналарының сапасы да мүлде төмен болды. Комбайншыларды және егін жыйнау машиналарын, басқарушыларды әзірлеу ісіне де ойдағыдай көңіл бөлінбеді. Осының салдарынан өткен жылы облыс колхоздары мен совхоздарын да егін жыйнау жұмысы қылмысты түрде кешеуілдетілді. Кей жерде егіннің жыйналмай қар астында калуы да болды. Сөйтіп колхоз, совхоздарымыз мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмай, отанымыз алдында бұрышты болып калды. Өткен жылы егін жыйнау, бастыру машиналарын жөндеу ісі де нашар ұйымдастырылды.

Егін жыйнауда колхоздар мен совхоздардың бір жыл ішіндегі жұмысының нәтижесі байкалады. Егін жыйнау—маусымды жұмыс. Сондықтан ол ырғалып-жырғалуды көтермейді. Егін жыйнау жұмысына ойдағыдай әзірлік керек. Ең алдымен, комбайндарды, егін жыйнау машиналарын дер кезінде, сапалы жөндеу ісіне назар аудару хажет.

Бірсыпыра МТСтар мен совхоздардың басшылары комбайндарды, егін жыйнау машиналарын жөндеу жұмысына ойдағыдай көңіл бөлмей отыр. Олар өткен жылы болған елеулі кателіктерден сабақ ала алмаған. Тіпті облысымыздың бірсыпыра МТСтары мен совхоздары комбайн паркін жөндеу ісіне әлі күнге дейін кіріскен де жоқ. Олар «барлық күш егін салу жұмысына жұмсалуда, егін жыйнауға әлі ерте ғой» деп арканы кенге салады.

МТСтар мен совхоздарда комбайндар мен егін жыйнау машиналарын жөндеу ісіндегі кемшіліктер дереу жойылып, оларды жөндеудің жоспары уақытылы орындалатын болсын. Комбайн паркін жөндеуде жұмыс қарқынын күшейтіп, еңбек өнімін арттыру үшін еңбекті үлгілі ұйымдастыру керек. МТСтар мен совхоздардың мастерскойларында комбайндарды, егін жыйнау машиналарын жөндеудің күнделік графигі жасалып, оның мүлтіксіз орындалуы қамтамасыз етілетін болсын.

Комбайн паркін жөндеуде үзел әдісін қолдану—еңбек өнімділігін арттырып, жұмыс қарқынын күшейтеді. Сондықтан комбайндарды жөндеу ісінде үзел әдісін кеңінен қолдану үшін күш жұмсау керек. Мұнымен бірге, комбайндарды жөндеу жұмысының сапалы болуына ерекше назар аударылуы хажет. Жөнделген комбайндарды қабылдау жөніндегі тағайындалған тәртіп дұрыс сақталатын болсын. Жөнделген комбайндарды қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссия комбайндардың сапалы жөнделуіне ерекше көңіл бөлуге міндетті.

Партия, кеңес және комсомол ұйымдары комбайндарды, егін жыйнау машиналарын жөндеу жұмысын да МТСтар мен совхоздарға көмекке қаладағы өнеркәсіп орындарынан, завод, фабриктерден маман жұмысшылар жіберуге, ал завод, фабриктері мен өнеркәсіп орындары комбайндарға, егін машиналарына керекті қосалқы бөлшектер әзірлеу жөніндегі жоспарын мүлтіксіз орындауға міндетті. Өткен жылы жөнделген комбайндарда кейбір бөлшектер (дән түтқыш, астық түсіргіш таңы басқалары) орнатылмады. Бұйыл бұл хателіктер қайталанбасын.

Комбайндарды, егін жыйнау машиналарын сапалы жөндеумен бірге комбайншыларды және егін жыйнау машиналарын басқарушыларды әзірлеу ісіне ерекше көңіл бөлу керек. Кейбір МТСтар мен совхоздардың басшылары комбайншылар курсіне жіберу үшін адамдарды іріктеу жұмысын кешеуілдетіп отыр. Бұл жұмыс дереу аяқталу керек. Әрбір МТС пен совхозға канша комбайншы, егін жыйнау машиналарын басқарушы керек екендігі тексеріліп, оларды әзірлеу жұмысы дереу колға алынсын.

Комбайндарды, егін жыйнау машиналарын жөндеушілер арасында үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргізу—еңбек өнімін арттырудың басты шарты. Партия және комсомол ұйымдарының басшылары жұмысшылар арасында көпшілік жұмысын үлгілі жүргізуге міндетті.

Комбайндар мен егін жыйнау машиналарын дер кезінде, сапалы жөндеп, егін жыйнау жұмысын сақадай сай әзірліктен қарсы алайық!

Кеңес Хабаршы бюросынан

1 ИЮНЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

1 июньде Яссының солтүстік жағындағы ауданда әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің барлық шабуылын ойдағыдай тойтарды. Алдын ала алынған мәлімет бойынша, бір күнгі ұрыста әскерлеріміз немістердің 18 танкі мен 15 самолетін жойды.

Анықталған мәлімет бойынша, Яссының солтүстік жағындағы ауданда 30 және 31 май күндері болған екі күнгі ұрыстарда әскерлеріміз немістердің 148 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясының оғымен дұшпанның 197 самолеті атып түсірілді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

31 майда әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 56 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясының оғымен дұшпанның 110 самолеті атып түсірілді

Яссы қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның танктері мен жаяу әскерлерінің ірі күштеріне қарсы кескілескен ұрыстар жүргізуде болды. Кеңес бөлімдері зеңбіректер мен минометтерден және пулеметтерден оқ жаудырып немістердің барлық шабуылын тойтарды. Кейбір жерлерде кеңес танктері мен жаяу әскерлері бірнеше рет ойдағыдай қарсы шабуылға шықты. Н. бөлімінің жауынгерлері гитлершілдердің бірінен соң, бірі үш шабуылын тойтарды. Ұрыс даласында жаудың 800 өлігі, дұшпанның, өртенген 17 танкі мен 5 бронетранспортері калды. Екінші бір жерде румындардың бір полк жаяу әскері бекінісімізге шабуыл жасады. Кеңес жауынгерлері шабуыл жасап келе жатқан дұшпанды әлсіретті де қарсы шабуылға шықты. Румындар әскерлеріміздің берген соққысына төтеп біола алмай бет-бетімен зытты. Оларға немістердің бөгеуші отряды автоматтар мен пулеметтерден оқ жаудырды. Жүздеген румындар немістің оғына ұшты.

* * *

Станислав қаласының оңтүстік-шығыс жағында немістердің бір батальон жаяу әскері танктерінің жәрдемімен бекінісімізге шабуыл жасады. Қолма-қол шайқаска айналған екі сағаттық ұрыста дұшпан қуылып тасталды. Артиллерия оғымен немістердің 6 танкі қыйратылды. Ұрыс даласында жаудың 100ден аса солдаты мен офицерінің өлігі калды.

* * *

Тирасполь қаласының солтүстік-батыс жағында Н. құрамасының зеңбіректілері мен минометшілері дұшпанның тұрған жерінде айқындалған нысаналарға оқ жаудырды. Немістердің 5 зеңбірегі мен 8 пулемет ұясы жойылды.

Бір бөлімшеміздің мергендері бес күн ішінде немістердің 30 солдаты мен офицерін жер жастанды. Катардағы жауынгер Мельников 13 гитлершілді өлтірді, мерген Левадный—5 немісті, мерген Зинаида Архипова 4 немісті жойды.

Витебскі қаласының солтүстік-батыс жағында лейтенант Рябовтың барлаушылары күндіз дұшпанның траншеясына басып кірді. Түткыйылдан болған шабуылдан абыржып немістер қарсылық көрсете алмады. Жауынгерлеріміз автоматтардан оқ жаудырып бір топ гитлершілдерді жойды және жаудан адамдар колға түсірілді де бөлімдеріне қайтып келді. Гвардия старшина Сметневтің басқаруындағы бір топ мергендерімізі тоскауылдан оқ жаудырып үш күн ішінде 14 немісті жер жастанды. Жас мерген Данилов жолдас 4 неміс солдатын, мергендер Камынин мен Шеретнев жолдастар әрқайсысы 2 немісті жойды.

* * *

Латвияның «Лачплесис» отрядының бір топ партизандары немістердің майдан шебіне бара жатқан автоколоннасына тап берді. Кеңес отаншылары автоматтар мен кол пулеметтерінен оқ жаудырып дұшпанның жеңіл автомашинасын өртеді және онын ішіндегі үш неміс офицерін өлтірді. Осыдан кейін дұшпанға қарсы айқаста немістердің 15 солдаты жойылды. Латвияның «Виестурс» партизан отряды үш күнде немістердің 4 әскер эшелонын құлатты. Партизандардың қиымыл жасауы нәтижесінде темір жолдың әрбір жерінде поездардың жүруі бес тәулік бойына тоқтатылды.

* * *

2-Украин майданының бір учаскесінде немістердің 293 жаяу әскер дивизиясындағы 512-полктің унтер-офицері Вальтер Фатернамм колға түсірілді. Колға түсірілген фашист Фатернаммның қаншерлік жөнінде тәжірибесі мол жендет екендігі анық талды. Ол 1937 жылы гестапоға қызмет істеуге кіріп, Александерплац (Берлин) ауданы маңында болған қолайсыз жандайдың мін-жәйін анықтайтын бөлімді басқарды. Оның бұйрығы бойынша «Телефункен» заводының, Берлинде Целендорф Паулюсштрассе көшесі 25-үйде тұратын жұмысшысы Фриц Шульце, Нойкельнде Юганнетрассе көшесіндегі 23/3-үйде тұратын жұмысшы Пауль Гизе азапталған. Фатернамм кеңес-герман майданына келгеннен кейін де соғысқа қарсы тікірін айтқан солдаттарды ұстап

(Жалғасы 2-бетте).

ЛЕНИН АУДАНЫ, „БҰЛАҚ“ КОЛХОЗЫ

Куйбышев МТС трактор бригадасының бригадирі ӘУБӘКІРОВҚА, үлкен тракторшы САТБАЕВҚА, тракторшы ЖӘЙЛІБАЕВАҒА

Еңбекшілер депутаттарының облыстық кеңес аткомі мен КК(б)П облыстық комитеті, Сіздің трактор бригадасының тапсырма бойынша 108 гектар орнына 15 аттың күші бар әрбір тракторлмен бригада бойынша орта есеппен 229 гектар жер жұмыстап, сапалы жұмыс істегеніңізді, 123 килограмм жанармай үнемдеп жоғары еңбек өніміне жету жөніндегі социалистік жарыста ұздік шыққаныңызды, сөйтіп көктемгі егіс жұмысында табысқа жеткеніңізді ерекше атап көрсетеді. Сіздің бригаданың үлкен тракторшысы Сатбаев және тракторшы Жәйлібаева жолдастар өндірістік тамаша табысқа жетті, олар өз тракторымен 301 гектар жер жұмыстап, тапсырманы 278 процент орындады.

Қол жеткен табысыңызбен құттықтай келіп, еңбекшілер депутаттарының облыстық кеңес аткомі мен КК(б)П облыстық комитеті Сіздерге—Сатбаев және Жәйлібаева жолдастарға бағалы сыйлық беруді ұйғарды, сонымен қатар бригаданыздың трактор паркінің еңбек өнімін арттыру жолындағы күресінде Сіздер бұдан да зор табыстарға жетеді деп сенім білдіреді.

Облыстық кеңес аткомі председателінің орынбасары И. СКВОРЦОВ.
КК(б)П обкомінің секретарі Н. НЕЧАЕВ.

КЕҢЕС ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН

1 июньдегі ұрыстар мәліметі

(Басы 1-бетте).

беріп гестапоға қызмет ітеді. Фашист жендеті көптеген кеңес адамдарын атып өлтірді. Бұл жаналғыш карттарды да, әйелдерді де, жас балаларды да аямады. Ол жауабында мынаны мәлімдеді: «Орел ауданынан шегінерде біз Александровка деревнясын өртедік те онын адамдарына батысқа қарай көшіп шығу жөнінде бұйрық бердік. Үш шаруа ешқайда бармай өртенген деревняда қалатындықтарын айтты. Рота командирі капитан Штеинмецтің бұйрығы бойынша, мен оларды атып өлтірдім. Екінші бір жерде шегінерде біз деревнядан барлық адамдарды, онын ішінде карттар мен балаларды өзімізбен бірге алып шықтық. Жолда балалардың жүруге шамасы келмеді, кей біреулері жүре алмай күлады. 4 жас шамасындағы екі бала жүре алмай күлеп қалды. Капитан Штеинмец оларды атып өлтіру жөнінде бұйрық берді, бұл бұйрықты унтер-офицер Леопольд орындады. Аз уақыттан кейін тағы да үш бала күлады. Мен бұл балаларды атып өлтіру жөнінде бұйрық алдым және бұл бұйрықты табанын да орындадым». Бұдан әрі Фатернаим обер-фельдфебель Шойермаммен, обер-фельдфебель Райманмен, капитан Райхгюльтпен және басқаларымен бірге жүріп Брянскій-Сорневка, Терновой Балка аудандарында, Бобринец ауданында тағы басқа жерлерде адамдарды атып өлтіргендігін айтты. Вальтер Фатернаим—солдат емес, әйелдерді, карттар мен балаларды өлтіруші. Мұндай сұрқыяны тек титлер тәртібі ғана тудырады.

15000 сомның продукциясын өндірді

Петропавл ет комбинатының жанындағы фабрик-завод мектебінің оқушылары арасында тәлім-тәрбие жұмысының жақсарып, социалистік жарыстың кеңінен өрістеуі нәтижесінде оқушылардың өндірістік жігері артып, май айының оқу программасын 100 процент орындады.

Мектеп оқушылары өндірістік тәжірибеде жұмыс істеп, 15 мың сомның продукциясын өндірді. 1-бөлімнің оқушылары май айының оқу программасын толық орындап, өндірісте тәжрибе алу жұмысына белсене қатынасты, сөйтіп мектепте бірінші орынға ие болды. Оқушылары Синилова, Плосовский, Колесникова жолдастар оқу өндірісінде үлгі көрсетіп, сабақты барлық пәннен өте жақсы үлгеріп жүр.

Комсомолецтер мен жастар соғыс өнерін үйрену ісіне белсене қатынасып, отан қорғау үйірмелерінің жұмысын күшейтуде. Жақында 20 комсомолец Ворошилов атқышы значогіне норма тапсырды.

21 майда болған крооста фабрик-завод мектебінің комсомолец-жастары бірінші орынға ие болды.

Фабрик-завод мектебінің оқушылары қол жеткен табысты баянды етіп, міндеттемені ойдағыдай орындау үшін қажірлі еңбек істеуде.

А. БУШЕРОВА,
Фабрик-завод мектебінің директоры.

ЕГІННЕН МОЛ ӨНІМ АЛУ ҮШІН КҮРЕС— ЖЕҢІСІМІЗ ҮШІН КҮРЕС

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ЕГІС ДАЛАСЫНДА

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша 31 майда облыс колхоздары 5597 гектар ғана егін екті. Майдандық онкүндіктің өткен күндеріне қарағанда бұл күні мардымды жұмыс істелмеді, жұмыс қарқыны тіпті бәсенделі. Осынын салдарынан күнделік жұмыс мөлшері небары 45 процент ғана орындалды. Көктемгі егіс бастадғалы 214.258 гектар егін егілді, бұл жоспардың 76,5 проценті.

Көктемгі егіс жұмысында Петропавл ауданы алда келеді. Мұнда егіс жоспары 90,2 процент орындалды. Октябрь ауданының колхоздары көктемгі егіс қарқынын күн санап күшейтуде. Бұл аудан бір күнде 1038 гектар егін егіп, жоспарын 84,9 процент орындады. Мамлют ауданы үшінші орынға ие болды. Мұнда 31 майда 712 гектар егін егіліп, егіс жоспары 80,7 процент орындалды. Приешім ауданынын колхоздары егіс жоспарын 79,2 процент, Ленин ауданы—77,1 процент орындады.

Егісте бірсыпра аудандар кешіргісіз артта қалды. Мәселен' Конюхов ауданы бір күнде бар болғаны 150 гектар ғана егін егіп, жоспарын 65,5 процент, Преснов ауданы жоспарын—69,7 процент, Булаев ауданы бір күн ішінде 255 гектар егін салып, жоспарын 67,5 процент, Совет ауданы егіс жоспарын 71 процент орындады. Бұл аудандар бүкіл облысымызды артқа тартып келеді.

Жоғарыда аты аталған аудандардың басшылары егіс жұмысында бұл сыяқты ойсыраған олқылықты дереу жойып, көктемгі егісті майдандық онкүндік кезінде толық аяқтауға міндетті.

Агротехника ережесі бұрмаланбасын

«Жаңа талап» колхозының (Октябрь ауданы). басшылары егіс жұмысында агротехникалық шаралардың мұлтіксіз орындалуына көңіл бөлмей отыр. Колхозда агротехникалық ережелер өрескел бұрмалануда. Мәселен, жыртылған жерге тұқым себіледі де ол жер 5—6 күн бойына культивацияланбайды. Онымен бірге тракторшылардың жер жыртқанда жалқалдыруы, жерді саяз жыртуы кездесіп отыр.

Колхоз басқармасының председателі Нұртазин жолдас агротехникалық шаралардың өрескел бұрмалануына жол беріп келеді. Аудандық жер бөлімінің басшылары бұл қылмысты көре-тұра, оған төзімділік істеп отыр.

А. ЭЛИН.

Украинаның 5 облысы дәнді және бұршақ егісінің жоспарын орындады

Украин КСРнын Днепропетровскі, Запорожье, Киев, Сталин, Каменец-Подольскі облыстары дәнді және бұршақ егісінің мемлекеттік жоспарын орындады.

Ауыл шаруашылық продуктыларының жалпы өнімін арттыру үшін колхозшылар егіс көлемін ұлғайтуда. Республикада жоспардан тыс 360 мың гектар дәнді егіс салынды.

Ерте егілген егістің арам шөбін отау жұмысы жүргізілуде. (ТАСС).

ҮЛГІЛІ ҚАРТ

Совет ауданындағы «Қызыл ағаш» колхозының мүшесі Серікбай Бижанов жолдас 80 жаста. Серікбай карт әлі күнге дейін қәрілікке тізе бүкпестен қажірлі еңбек істеп колхозшыларға көмектесуде. Серікбай карт 11 жылдан бері колхоздың малын күзетеді. Ол осы уақыттың ішінде өзі күзеткен малдың бірде біреуін шығынға ұшыратқан емес.

Серікбай карт үлгілі еңбегі үшін колхоз басқармасынан әлде неше рет сыйлықтар алды.

Қ. ЖАҚЫПОВ.

Міндеттемелерін орындады

Артеліміздің мүшелері социалистік жарыска жаппай ұштасып, қажірлі еңбек істеуде.

Тоқу цехының жұмысшылар коллективі Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдастың 1-майдағы бұйрығына өндірістік табыспен жауап беруде. Бұл цех май айының өндірістік жоспарын 25 майда 154 процент етіп артығымен орындады.

Тоқу цехының жұмысшылары қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, май айының өндірістік жоспарын 2 есе артығымен орындады.

Теріиілеу цехының жұмысшылары май айының өндірістік жоспарын толық орындап, жоспардан тыс 1500 сомның затын өндірмекші болды.

Етік тігу цехының коллективі социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Цех май айының өндірістік жоспарын 25 майда 113 процент орындады.

Стахановшы Артимова, Квасных, Назырова жолдастар белсене еңбек істеуі нәтижесінде күнделік тапсырмаларын әрдайым 150—250 процент орындап жүр.

Артель мүшелері майдандағы Қызыл Армияны азық-түлікпен керегінше қамтамасыз ету үшін көптеген сапалы продукция өндіруді міндеттеріне алып, қажірлі еңбек істеуде.

САМАРҚАНОВ,
«Пищевик» артелінің председателі.

ИТАЛИЯДАҒЫ СОҒЫС ҚЫЙМЫЛДАРЫ

ЛОНДОН, 31 май. (ТАСС), Италиядағы одақтастар әскерінің бас штабы, майданның Валымонтоннен теңізге дейінгі барлық жерінде жаудың күшті қарсылық көрсетіп отырғандығын хабар етті. Бұл жерде жау өз шебін қайтқен күнде сақтап қалуға тырмысуда. Англияның 8-армиясының бөлімдері Лири өзенінің арғы жағында үздіксіз алға басуда. Одақтастар әскерлерінің алға басуын тоқтату үшін әрекет жасаушы жаудың алдынғы әскерлерінің күшті қарсыласуын жеңе отырып, одақтастар әскерлері Альфенден, Фонтан, Спрангоолагалли, Пофи, Чекано (Фрозинонның оңтүстік-батыс жағында) және Арпино (Фрозинонның шығыс жағында) алған.

Одақтастардың тактикалық әуе соғыс күштері кеше майдан шебінде дұшпанның қатынас жолдары мен жаудың соғыс орындарына қарсы ұрыс қыймылдарын жүргізуде болған. Одақтастар авиациясы дұшпанның Италиядағы соғыс орындарына шабуыл жасаған. Ауыр бомбардировщиктер күрамалары Винер-Нейштад ауданындағы (Австрия) авиация заводы мен авиация жабдықтары заводына, Вельседегі (Австрия) авиация заводы мен аэродромға, сол сықты Загребтегі (Югославия) темір жол станциясы мен аэродромға шабуыл жасаған. Одақтастардың Орта теңіздегі авиациясы 2400ден аса самолетпен жорық жасаған.

Югославиядағы ұрыстар

ЖЕНЕВА, 1 июнь. (ТАСС). Югославиядан алынған хабар бойынша, Югославияның халық-азаттық армиясының жоғарғы штабы, Герцеговинанын Гацко ауданында Югославия әскер бөлімдерінің немістің ірі колоннасын талқандағандығын хабар етті.

Батыс Босния да азат етілген жерге өтуге тырмысқан неміс әскерлеріне қарсы қатты ұрыстар болып жатыр.

Германияның тұтқын лагерьлерінде кеңес соғыс тұтқындарының өлтірілуі

ЛОНДОН, 1 июнь. (ТАСС). Ассошиэйтед Пресс агенттігі, Германияның Баварияда ағы бір соғыс тұтқыны лагеріндегі кеңес соғыс тұтқындарының жайы туралы мәлімет алынғандығын хабар етті.

Хабарда былай делінген: «Немістер кеңес соғыс тұтқындарын аштан қатыруда, көптеген орыстар өліп жатыр. Соғыс тұтқындарына өте қаталдықпен қарайды. Орыстар тұтқындалған лагерьдің бұл бөлегінде әлсіңгелі мылтық даусы естіліп тұрады. Орыстарды айуандықпен азаптау—герман лагеріндегі дағдылы іс. Бір күні немістер орыстар тұрған үйге полиция итін енгізді, сөйтіп бір топ кеңес соғыс тұтқындарына ит қоюды. Немістер тағылықпен бұл «орыстарды жұмыска тез шығуға мәжбүр етеді» дегенді айтты. Осыдан кейін неміс күзетшісі соғыс тұтқындарына пулеметтен ок жаудырып, бірнеше адамды өлтірді».

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

„Казакстанның 10 жылдығы" артелінде күзетшілер, есепші, қаңылтыршылар керек.
Адрес: Базарбай көшесі, 48 үй.
„Казакстанның 10 жылдығы" артелі пика басып беру үшін халықтан жүн қабылдайды.
Адрес: Базарбай көшесі, 48 үй.